

	<b>«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАРАГАНДИНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»</b>		
	<b>Терапевтік бейіндегі бағдарламалар ЖБТ</b>	<b>Хаттама</b>	<b>Редакция: 1</b> <b>1-бет</b>

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ДАЙЫНДЫҚ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖБТ КОМИТЕТІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**Селектор 10.11.2024ж. № 6 хаттама**

ЖБТ төрағасы: Бачева Ирина Викторовна  
ЖБТ төрағасының орынбасары: Григолашвили Марина Арчиловна  
ЖБТ хатшысы: Ли Валентина Витальевна

Мамандықтар бойынша комитеттердің төрағалары **қатысты:**

Аллергология және иммунология Испаева Жанат Бахитовна  
Гастроэнтерология ересектер Ларюшина Елена Михайловна  
Гематология ересектер Тургунова Людмила Геннадьевна  
Дерматовенерология Батпеннова Гульнар Рыскельдыевна  
Жұқпалы аурулар Ким Антонина Аркадьевна  
Кардиология ересектер Тайжанова Дана Жумагалиевна  
Еңбек медицинасы (Кәсіптік патология) Аманбекова Айгуль Укеновна  
Неврология Григолашвили Марина Арчиловна  
Нефрология ересектер Бачева Ирина Викторовна  
Отбасылық медицина Абугалиева Глеужан Оразалиевна  
Психиатрия Любченко Марина Юрьевна  
Пульмонология Ибраева Лязат Катаевна  
Ревматология ересектер Алина Асел Разакқызы  
Терапия Тойынбекова Рахима Жаксылыковна  
Фтизиатрия Тәбриз Нұрлан Сүлейменұлы  
Эндокринология ересектер Молотов-Лучанский Вилен Борисович  
Клиникалық фармакология Калиева Шолпан Сабатаевна  
Физикалық медицина және оңалту, спорттық медицина, дәстүрлі медицина Шевелева Наиля Игоревна  
Клиникалық диетология Сулейменова Динара Сағындыковна

### КҮН ТӘРТІБІ:

«Медицина» және «Педиатрия» ББ бойынша интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалауға арналған станциялардың (ОҚКЕ/ОҚПЕ) болжамды тізбесі туралы сұрақты қарастыру.

### ТЫҢДАЛДЫ

«Медицина» және «Педиатрия» ББ бойынша интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалауға арналған практикалық станциялардың (ОҚКЕ/ОҚПЕ) болжамды тақырыптарын ұсынған терапевтік бейіндегі ЖБТ төрағасы И.В.Бачеваны:

1. Алғашқы медициналық көмек көрсету (жүрек-өкпе реанимациясы).
2. Пациентті физикалық тексеру: жүректі пальпациялау және аускультациялау, өкпені пальпациялау және аускультациялау, артериялық қысымды, артериялық пульсті өлшеу алгоритмін орындау, неврологиялық статусты бағалау - бас сүйек-ми нервтері, рефлексдер.
3. Аспаптық зерттеулердің негіздері (қалыпты ЭКГ сипаттамасы, рентгенография, спирография).

4. Зертханалық зерттеулердің негіздері (қанның физиологиялық және патологиялық жасушалары арасындағы айырмашылықтарды анықтау, негізгі тіндерді гистологиялық үлгілер бойынша тану, қанның жалпы және биохимиялық талдауларын түсіндіру).

5. Өмірлік қажетті дәрілік заттардың жалпы фармакологиялық сипаттамасы және ҚР денсаулық сақтау Министрлігінің бұйрығына сәйкес рецептіні ресімдеу.

Өмірлік маңызы бар дәрілік заттардың тізбесі:

1. Адреналин (эпинефрин)
2. Аспирин
3. Дигоксин
4. Лизиноприл
5. Бисопролол
6. Инсулин
7. Нитроглицерин
8. Антибиотиктер (мысалы, амоксициллин)
9. Преднизолон
10. Фуросемид

Терапевтік бейіндегі ЖБТ бағдарламасының отырысы болжамды станциялардың тізбесін қарады. Алайда, «Медицина» және «Педиатрия» ББ бойынша интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысатын ЖОО/ҒЗИ техникалық мүмкіндіктерін, академиялық еркіндігін, тәуелсіз аттестаттаудың релевантты нәтижелерін алуды, осы сұрақты қараудың шектеулі мерзімдерін ескере отырып, жоғары оқу медициналық ұйымдары арасында білім алушыларды тәуелсіз бағалауды жүргізудің түрі мен нысанын, нозологиялар/патологиялар тізбесін келісу қажет.

#### ШЕШІЛДІ:

Білім алушыларға тәуелсіз бағалау жүргізудің түрі мен нысанын, ЖОО/ҒЗИ арасында нозологиялардың/патологиялардың тізбесін келісу. Терапевтік бейіндегі ЖБТ бағдарламалары «Медицина» және «Педиатрия» ББ бойынша интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалауға арналған станциялардың болжамды тізбесін (ОҚКЕ/ОҚПЕ) ұсынады.

ЖБТ төрағасы: Бачева Ирина Викторовна



**2024-2025 оқу жылына Денсаулық сақтау – дайындық бағыты бойынша  
терапевтік бейіндегі бағдарламалардың ЖБТ жұмыс жоспары**

№	<u>Іс-шара</u>	Орындау мерзімі	Жауапты	Нәтиже
	<b>Ұйымдастыру жұмысы</b>			
1.	2024-2025 оқу жылына ЖБТ, Комитеттердің құрамын өзектендіру және бекіту, 2024-2025 оқу жылына Комитеттердің жұмыс жоспарларын бекіту	2024 ж. 3-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	Құрам
2.	ҚР ҒЖБМ РОӘК, ҚР ЖБДҰО, ҚР ДСМ хаттамалық тапсырмаларын орындау	Өтініш бойынша	ЖБТ, ББК	Ақпарат
3.	ЖБТ және Комитеттер қызметінің мониторингі	Тоқсан сайын	ЖБТ, ББК төрағасы	ЖБТ және Комитеттердің қызметі туралы есеп
4.	2024-2025 ж. ЖБТ есептері, 2025-2026 оқу ж. ЖБТ жоспарлары	2025ж. 3-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	Есептер, жұмыс жоспары
	<b>НҚА, Ережелерді, әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу</b>			
5.	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында медициналық және фармацевтикалық білім беруді дамытудың 2024 - 2030 жылдарына тұжырымдамасына Жол картасын бекіту	2024ж. 4-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
6.	Медициналық жоғары оқу орындарына іріктеу және қабылдау критерийлерін қарау	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
7.	«Сапа саннан артық» қағидаты бойынша қабылдаудың барабар санын жоспарлау үшін ЖЖБҰ өткізу қабілетін айқындау әдістемесін бекіту	2025ж. 2-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
8.	Медициналық орталықтар және госпитальдарда студенттерді, медициналық ЖОО резиденттерін практикалық дағдыларға оқытуға арналған академиялық коэффициент туралы Ережесін бекіту	2025ж. 2-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
9.	Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және басқа да НҚА базалық және мамандандырылған резидентура құру, көп бейінді ауруханалар базасында резидентура бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша өзгерістер енгізу	2025ж. 2-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
10.	Симуляциялық орталықтарды жаратқандыру бойынша стандартты бекіту	2025ж. 3-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу

№	<u>Іс-шара</u>	Орындау мерзімі	Жауапты	Нәтиже
11.	Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің МЖМБС өзгерістер енгізуді ұсыну	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу, ақпарат
12.	Цифрландыруды, пәнаралық өзара іс-қимылды және өңірлердің қажеттіліктерін есепке алуды қоса алғанда, қазіргі заманғы денсаулық сақтаудың қажеттіліктері мен сын-қатерлерін ескере отырып, білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарына және медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізуді қарау	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу, ақпарат
13.	Білім беру бағдарламаларының Тізіліміне енгізілетін стратегиялық әріптестермен бірлесіп жаңа білім беру бағдарламаларын бекіту	2025ж. 2-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу, ақпарат
14.	Еңбек нарығының қажеттіліктеріне және қазіргі заманғы сын-қатерлерге сәйкес фармацевтерді даярлаудың білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізуді қарау	2025ж. 3-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу, ақпарат
15.	Медициналық ЖОО ПОҚ үшін үздіксіз кәсіптік даму бағдарламасын бекіту	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу, ақпарат
16.	Білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалауды талқылау және мониторинг нәтижелері негізінде жақсартуларды енгізу (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының түлектерін тәуелсіз бағалау).	2025ж. 4-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу, ақпарат
17.	Денсаулық сақтау бағыты бойынша ББ білім алушыларын тәуелсіз бағалауды талқылау: мақсат, күтілетін нәтижелер, бағалау форматы, бағалау нәтижелерін пайдалану	2024ж. 4-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ЖБТ, ББК ұсынымдары
18.	«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша магистратураға және докторантураға қабылдау қорытындыларын қарау, магистратураға және докторантураға түсушілер үшін алдыңғы дайындық деңгейі	2024ж. 4-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу, ақпарат
19.	Қолданыстағы симуляциялық орталықтарды талдау: ЖОО, ҰО, ҒЗИ, колледждер, ДБ	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
20.	Денсаулық сақтау бағыты бойынша ББ білім алушыларын тәуелсіз бағалауды талқылау: ерекшеліктерді, сарапшылар тізімін, сараптама және аттестаттау кестесін келісу	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ЖБТ, ББК ұсынымдары
21.	Білім алушылар мен оқытушылардың ішкі ұтқырлық көрсеткіштері. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында ұтқырлықты дамыту.	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу

№	<u>Іс-шара</u>	Орындау мерзімі	Жауапты	Нәтиже
22.	Ресми және бейресми оқыту нәтижелерін тану	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
23.	Денсаулық сақтау бағыты бойынша ББ түлектерін тәуелсіз бағалауды талқылау: ерекшеліктерді, сарапшылар тізімін, сараптама және аттестаттау кестесін келісу	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ЖБТ, ББК ұсынымдары
24.	Мамандық бойынша кадрлар даярлауды талқылау: ҮИМБ	2025ж. 1-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
25.	Сертификаттау курстарын енгізу мониторингі (тәуелсіз бағалау, сараптама және т.б.)	2025ж. 2-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
26.	Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының каталогы	2025ж. 3-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
27.	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жетілдіру және талдау бойынша ұсынымдарды әзірлеуге қатысу.	жыл бойы	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу, ақпарат
28.	Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша оқулықтармен, оқу құралдарымен және электрондық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау	2025ж. 2-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
29.	Мекемелерді жоғары, орта және нысаналы лигаларға жіктеуді қоса алғанда, жоғары оқу орындарындағы білім сапасын тәуелсіз бағалау нәтижелерін талқылау: мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын әзірлеу	2025ж. 4-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
30.	Білім беру процесіне заманауи технологияларды енгізуді қарастыру: симуляциялық тренингтер және интерактивті платформалар. Тәжірибе алмасу	2025ж. 3-тоқсан	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
31.	Білім алушылар, медициналық ұйымдардың қызметкерлері үшін өзекті ақпарат пен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі ақпарат	оқу жылы ішінде	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
32.	Жаңа білім беру бағдарламалары және инновациялық педагогикалық технологияларды енгізуді талқылау.	оқу жылы ішінде	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
33.	Медициналық ЖЖБҰ білім алушыларының академиялық ұтқырлығы: ЖОО аралық «ұтқырлық терезесін» құру	оқу жылы ішінде	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу
34.	Денсаулық сақтау бағыты бойынша салалық біліктілік шеңберін, кәсіби стандарттарды әзірлеуге қатысу.	оқу жылы ішінде	ЖБТ, ББК төрағасы	ОӘБ отырысына қатысу, ақпарат
35.	ҚР ғылым және жоғары білім саласындағы НҚА және өзге де құжаттарды әзірлеуге және сараптауға қатысу.	оқу жылы ішінде	ЖБТ, ББК төрағасы	Ақпарат

